

Әсілбек Арайлым Әсілбекқызы

*Silkway Халықаралық университеті Педагогикалық факультетінің 2 курс
магистранты, п.ғ.д., профессор Молдабек Қ.
Шымкент, Қазақстан*

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТКЕ ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Қазіргі таңда еліміздегі оқу-тәрбие үрдісінде болып жатқан жаңартулар білім мен тәрбие жұмысын қайта қарауды талап етіп отыр. Жас ұрпаққа тәрбие берудің сапасын көтеріп, сұлулықты, әсемдікті, әдемілікті сезіну қабілетін, эстетикалық талғамын дамыта отырып, өз ісіне деген шығармашылық талабын арттыру-бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі.

Балалар көркем әдебиетін оқу-тәрбие процесіндегі мүмкіндіктерін қарастырған ғылыми-зерттеу еңбектері де баршылық. Мысалы, С.Әбілдинаның зерттеуінде қазақ балалар көркем әдебиеті арқылы бастауыш сынып оқушыларының балаларды адамгершілікке тәрбиелеуге болашақ тәрбиешілерді кәсіби даярлаудың мазмұны мен құрылымы анықталады; балалар көркем әдебиеті шығармашылығының ерекшеліктері мен балаларды адамгершілікке тәрбиелеудегі мүмкіндіктері негізделеді; көркем әдебиет шығармашылығы арқылы бастауыш сынып оқушыларының балаларын адамгершілікке тәрбиелеуге болашақ тәрбиешілердің кәсіби даярлығының моделі мен оны оқу-тәрбие процесінде жүзеге асырудың педагогикалық шарттары айқындалады.

Балалар фольклорын атқаратын міндетіне және тіршіліктегі сипатына қарай анықтау-бұл әрбір топтың ішіндегі оның жанрларын құрайтын поэтиканың, музыкалық құрылыстың, орындаушылық мәнері мен тұрмыстық функциялары бірлігінің белгісі бойынша міндетті түрде атап көрсетуді болжайтын жіктеменің алғашқы сатысы ғана.

Жоғарыда көрсетілген зерттеушілердің ұсынған жіктесіне сүйене отырып, *өзіміздің педагогикалық зерттеу жіктесін ұсынамыз. Жіктеме төрт бөлімнен тұрады:*

1. Әлпештеу (ана) поэзиясы;

2. Тұрмыстық фольклор;
3. Күлдіргі фольклор;
4. Ойын фольклоры.

Балалар фольклорын зерттеуде фольклористиканың, этнографияның, этнопедагогиканың, балалар жасы психологиясының көздеген мақсат – бағыттары бір-бірімен байланыста болады, ал бұл болса зерттеу жұмысында олардың әдіс-тәсілдерін пайдалануға мүмкіндік туғызады.

Қазақ балалар әдебиеті фольклоры мәселесінің теориялық тұрғыда да, практикалық тұрғыда да маңызы өте жоғары, жан-жақты терең зерттеуді талап етеді.

Әдеби шығарма кейіпкерлерімен салыстыра отырып айнала қоршаған орта, адами сезімдер мен адами қарым-қатынас туралы пікірлерін білдіруге, ойын ашық жеткізуге үйрету.

Әдебиеттің мағынасын түсініп, әрекеттердің дамуын бақылауға үйрету. Көркем шығармалардың суреттерімен таныстыру. Кейіпкерлердің бір-бірімен қарым-қатынасын бақылауға, оны талқылауға үйрету.

Басқа адамдар, табиғат және жануарлар туралы қамқорлығынан кейіпкерлердің іс-әрекеттері мен қылықтарын айқындау. Көркем әдебиет шығармалары балалар алдына адамға тән сезімдер дүниесін ашып, жеке адамға, кейіпкердің жан дүниесіне қызығушылық тудырады.

Көркем шығарма кейіпкерлерімен бірге қуана-қайғыруды үйрене отырып, балалар өзінің төңірегіндегілердің, жақын адамдарының көңіл күйін байқай бастайды. Оларда адамгершілік сезім – қайырымдылық қасиет, әділетсіздікке қарсы тұру қабілеті ояна бастайды. Бұл – принципшілдік, адалдық, нағыз азаматтық қасиеттердің қалыптасу негізі.

Мектепке дейінгі кезеңдегі балалардың тағы бір ерекшелігі олар көбінесе сөзді өзіне қарап айтады. Яғни бала кезде өзімен-өзі сөйлесіп отырады. Балаларда мектепке дейінгі кезеңде ана тілінің жүйесіне бейімделу жүзеге асады. Тілдің дыбыстық үні алты жасар бала үшін оның табиғи қаракетіне жарасатын ең басты алғы шарт. Алты жасқа қарай бала ауызекі сөйлеу тілінің

күрделі грамматикалық жүйесін едәуір жақсы дәрежеде меңгеріп алғаны соншалық, оның сөйлеп жүрген тілі ол үшін ана тіліне айналады.

Мектепке дейінгі кезеңде бала тілінің, қалыптасуына ересектердің сөзінің әсері өте күшті екендігі белгілі. Бала оларға үнемі еліктеп, сөз арқылы қарым-қатынас жасауға талпынады. Өз бетінше сөз шығарып, басқа балалардың тіпті үлкендердің сөзінде байқалатын қателіктерді көргің келеді, яғни баланың тіл сезімі күшті болады.

Балабақша балаларын қазақ әдеби тіл нормаларын игерту тілдік тәжірибе (практикалық) сабақтарында жүргізіледі. Тіл дамытуға арналған көрнекі құралдардың маңызды қызметінің бірі - белгілі бір тілдік материалдарды пайдаланып сөйлеуге (не жазуға) итермелейтін түрткі болуында яғни тілдік ситуация туғызуында. Тілдік көрнекі құралдарды сабақтарда пайдалану тіл дамытудың психологикалық негіздеріне сәйкес келеді, ұзақ мерзімдік естің дамуын жеңілдетеді, өйткені белгілі бір оқу кезеңінде актив сөздік қорына енетін лексикалық материалмен жүйелі түрде жұмыс жүргізуге мүмкіндік туғызады.

Тәрбиеші басшылығымен жылына талдап оқуға және пікір алмасуға ұсынылған ауыз әдебиетінің, ертегілер мен өлеңдердің өзбетінше кемінде онға жуық көркем туындыны оқуын қадағалауы тиіс. Оқып зерделенген туындының тектік, жанрлық сипатын білуге де көңіл бөлінеді. Көркем шығарманы оқытуда әдебиет және фольклор туралы жалпы ұғымдарды, олардың негізгі сипаттарын ұғындыру көзделеді.

Көркем шығарманы талдап оқуға және пікір алысуға ұсынылған шығармаларды өзбетінше оқып, тәрбиеші басшылығымен зерделеп меңгеруі және дұрыс түсіне білуі тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Молдабек Қ., Кенжебекова Р.И. Бастауыш мектепте қазақ тілін қатысымдық технологиямен оқыту-Алматы: TechSmith, 2020.-184б.